
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ ҰҒЫМЫНЫҢ АНЫҚТАЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Б.К.Төлепбергенов

Қазақ халқының ұлттық идеясы жер бетінде қазақ ұлысының пайда бола бастағанынан бері қалыптасу үрдісі жүрді. Енді оның біте қайнаса даму барысын барлау арқылы қазақ даласындағы ұлттық идеяның қайнар көзі, бастау бұлағынан бергі жүріп өткен жолын әлеуметтік философиялық тұрғыдан таразыласақ.

Еуразия құрылығының далалық орталық аймағын алып жатқан Қазақстан талай тарихи философиялық мұралардың бастауы. Егемен мемлекет ретінде бұрынғы кеңестік кеңістікте Қазақстан Республикасы 90-шы жылдардың басында бой көрсетті. Бірақ-та бұл жердің өткеніне үңілсек, кемінде бес мың жылдықты қамтитын ақ бас тарих біздің эрамызға дейінгі I мыңыншы жылдықтан бастап далада пайда болған көптеген мемлекеттік бірлестіктердің де куәсі. Бұл турасында елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев қазақтың ұлы мұрат-ұлттық идеясының ширыққан тұсы жиырмасыншы мыңжылдықтың салмағы ауыр екенін айтады.

«XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала аксүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал. Ол тұста ой еңбегімен кәнігі түрде шұғылдану атадан балаға жұғысты болып отырған» /1/.

Сонау қола дәуіріндегі бабаларымыз – Орталық Азия металлургиямен малшылары бай мифологиялық және космологиялық күрделі ұйымдасқан әрі дамыған қоғам құрды. Жаңа эраға дейінгі III-II мыңжылдықтарда Қазақстан даласын мекен еткен үнді – иран тайпалары мыс қорытпасы мен қалайыдан, қоладан қару құйды, әшекей бұйымдармен еңбек құралдарын жасады және өздерінің тау – кен базасы болды. Тұңғыш рет ерекше шаруашылық түрі – көшпелі мал шаруашылығы дамыды.

Бабаларымыз жылқы малын қолға үйретіп, серік еткендіктен де елсіз иен даланы иемдене алды. Олар әлемде бірінші болып табын-табын жылқыны өсіріп баптады, арбаға жекті. Жылқы мен арийлықтардың жеңіл екі доңғалақты күймесі қуатты қару әрі өздері табынған күн символы іспетті.

Олардың ізгілікті қоғам, әділетті әлем, темірдей тәртіп пен құдай турасында өзіндік таным-түсінігі болды. Мұның бәрі салынған құрылыстан, әдеби шығармаларының көркемдік құрылымынан көрініс тапты.

Жаңа кеңістікті бағындыра отырып, үнді арий тайпалары әлемге мал бақташылары мен металлургиягердің жетістіктерін, кейін Авеста мен Ригвед қасиетті кітабында көрініс тапқан өмір, әлем туралы философиялық ойларының алғашқы тәжірибелерін алып келді.

Көне парсы жазбалары далалық сақтарды - «жаужүрек жауынгер» деп, ал грек білгірлері скифтерді - «адамзат баласының әділеттісі» деп жазады.

Біздің эрамызға дейінгі бірінші мыңжылдық басында Еуразия даласында көшпенділер әлемде тұңғыш салт аттыларға айналды. Әрі елдің алды болып ат үстінде отырып та, шауып бара жатып та садақ тартуды үйренді. Мұндай мүмкіндік оларды күшті әрі күдіретті ете түсті.

Сақтар бірінші рет Қазақстан аумағында мемлекеттік білім жүйесін жасады. Көне тарих жазбаларында скифтердің алыс елдерге жасаған әскери жорықтары мың сан. Ал сақ суретшілеріне өздерінің жеңімпаз «хан» мен «ханшаларына» арналған әшекейлері даңқ әкелді.

Қолаға, алтынға және тасқа түскен сақ бейнелері Қазақстан даласына монғолоидтық геннің ерте енгенін көрсетеді. Соңғы археологиялық зерттеулер олармен қоса түрік тілінің пайда болуы мүмкін екенін алға тартады. Айталық, біздің бұл ойларымызды академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Қирабаевтың төмендегі мына ойлары дәйектей түседі.

«Қазақ әдебиетінің тарихын, көне дәуірден бүгінге дейінгі өткен жолын зер сала қараған адам сол дәуірдің бәрінде де жалғасып үзілмей келе жатқан бір ұлттық идеяны көреді. Ол – халықтың бірлігі, тәуелсіздік, ешкімге бодан болмай дербес ел болу идеясы. Сол арқылы халық өзінің намысын, биік мәртебесін қорғаған. Мұның тегі арғы түрік мұраларынан бастау алатыны даусыз» /2/.

Сақтар көшпелі ғұмыр кешті. Ертедегі ата-баба зиратынан алыстамай, үрім-бұтақ, туыс-тамырымен беріштей бекіп өмір сүрді. Сырдария жазығындағы массагеттердің кесенесі мен Жетісудағы сақтар қорғаны өзгеше ойға шомғызады. Сырдария және Әмудария өзендері арасындағы Баланды мазары әлемдегі тұңғыш шитті кірпіштен салынған күмбезді құрылыс. Мұндай алып кешен ірі мемлекет билеушілерге табынудың үлкен белгісі ретінде тұрғызылды.

Көшпелі сақ мемлекетінің тікелей мұрагерлігін көшпелі түркі империясы иеленді. Қазақстанның шығыс шекарасында біздің эрамыздың екінші ғасырында ғұндар пайда болды. Бұл қазақ даласындағы түрік тілдес монғолоид көшпенділерінің тұңғыш жаппай толқыны еді. Олардың көбісі одан әрі батысқа жылжып өзге тайпаларды еліктіріп артынан ертті. Соның көрінісіндей V ғасырда батыс ғұндар ұлы Рим империясын құлатып, аттарын Тибрдан суарды.

Қазақстан даласында қалған түркі тайпалары, сондай-ақ жергілікті этникалық топтар мен өзге қаңлы және үйсін сынды ірі тайпалар түріктер құрған зор империя «түрік қағанаты» қанатының астына VI ғасырда кірді. Қола ғасырдың басында пайда болып, скиф дәуірінде өркендеген Еуразия даласы тарихы мен мәдениеті жаңа этникалық санатқа көтерілді. Қағанат тарихының кезеңдері әйгілі көне түрік ескерткіші жазбаларынан орын алып тасқа қашалды.

Бұл дәуір әскери ісімен салт аттылық ұлы жаңалығымен санада жаңғырып қалды. Әсіресе әскери істер тактикасы мен стратегиясын түбірімен өзгерткен үзеңгі мен ер тоқымның жасалуы еді. Енді салт атты жерге түспей ақ найза, қылышпен ұрысқа түсті. Мұндай жаңа ат жарағымен бірге түріктер көне қола дәуірінде көшпенділер жасаған әскери киімнің үздік үлгісін әлемге паш етті.

Орталық Азияға түріктер өздерімен бірге жаңа еркін қоғамдық қарым-қатынас әкеліп, отырықшылық мәдениеттің дамуына, мемлекеттің нығаюына ықпал етті. Бұл батыс пен шығысты байланыстырған Ұлы Жібек жолы бойындағы

қалалардың гүлденуінен айқын айшық тапты. Түркілер негізін қалаған Орта ғасыр мемлекеттеріндегі қолөнер мен сауда орталықтарында көшпелі және отырықшы дәстүр озықтығын көрсететін архитектура мен өнер дамыды.

VIII-IX ғасырларда Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалары ислам әлеміне өте бастаса, далада көне тілдік дәстүр сақталды. Ортағасырлық Қазақстан мәдениеті – отырықшылық пен көшпеліліктің бір арнаға тоғысқанының ерекше үлгісі еді. Ал Сырдария мен Арал аймағы жазықтары, қалалары мен қыстақтары болашақ қазақ халқының іргетасы іспетті.

Моңғол әскерлерінің шығыстан ентелей енуі дала халқы тарихына тосын бетбұрыс әкелгенімен, олардың мықты бір күшке айналуына сеп болды. XIII ғасыр басында құрылған Шыңғысхан империясы аз уақытта тәуелсіз ұлыстарға бөлініп кетті. Қазақстанның үлкен аймағы Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының билігіне өтті. Жошы жаулап алған халқының салт-санасымен санасу қажеттігін ұғынған бірінші моңғол билеушісі еді. Кейіннен жаулаушылар жергілікті халыққа сініп, араласып кетті. Ал XIII ғасырдың соңында түркіше сөйлеген моңғол билеушілерінің бейітіне мұсылман кесенесі қойылды. Қазақтар мен моңғолдар арасында айтарлықтай алауыздық болған жоқ. Шыңғысхан ұрпағының билігін далалықтар, әсіресе қазақтар жоғары бағалады. Қазақ даласында тек солар сұлтандық құзырлықты иемденді, тек сол ортадан қазақ хандары сайланды.

Осындай сұлтандар шыңғыстық Керей мен Жәнібек, Жошы ұрпағы Әбілхайыр мемлекетінен ірге аударып, бірінші Қазақ хандығын құрды. Көшпелілердің бұл қадамы көптеген түркі және түркіленген моңғол тайпаларын біріктіру арқылы «қазақ» деген жаңа этнониммен бірге жаңа мемлекетті дүниеге әкелді. Аталған сөз ертеректе ерікті адамға арналған, әрі әлеуметтік термин болса, енді этникалық түсінікті білдірді.

Тағы да күрес басталды. Жайылым жер үшін, Сырдария қалалары үшін күрес. Сыртқы жаулар мен ішкі бүлікпен күрес барысында тұрақты отырықшылық өмірдің, қолөнер – сауда орталықтарының, сыртқы саясаттың дипломатиялық формасы қажеттігі туды.

Үлкен салмақ ірі мемлекет қайраткері Әбілхайыр мен Абылайға түсті. XVIII ғасыр басындағы саяси күрделі жағдайда Қазақ хандығы Ресей және Цинь Қытай империясының қысымы мен жоңғардың жойқын шапқыншылығындағы саяси күрделі жағдайда Әбілхайыр хан Ресейдің қол астына кіріп, көреген шешім қабылдады. XVIII ғасыр ортасында жоңғарлардан төнген қауіпті кезеңде өзінің салиқалы саясаты мен тегеурінді ісімен басқара білген Абылай хан қазақтың бар жүзін біріктіріп, ұлттық тәуелсіздікті сақтап қалды.

XIX ғасыр басына қарай көшпелі ғұмыр идеясы мен мемлекеті біртіндеп әлсірей бастады. Өмірдің өзі тұрғылықты табан тіреп, отырықшы өмірге көшу керектігін көрсетті. Бұл жайттар енді егемендігін жоғалтқан шақта алдымен Ресей, сосын Кеңес одағы көлемінде шешілді. Бұл тұрғыдағы күрделі геосаяси жағдайды ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Әбдімәлік Нысанбаев былайша тарқтып береді.

«Аталған жағдайда дәстүрлі мәдениетті сақтап қалу үшін күрес ұлттық тәуелсіздік үшін күрес – ұлттық тәуелсіздік үшін күрестің бір формасына айнал-

ды. Көшпелі өмір салты өзінің оқшаулығына қарамай, орыс әкімшілігінің қолы жете бермейтін ерекшеліктері мол болды, өйткені оны толықтай бақылауға алу мүмкін емес еді. Көшпелі қоғамда түрме де, полиция да, жасырын тыңшы да болуы неғайбыл. Бұл, «жақсы ма, жаман ба» деп біржақты пікір шығару күрделі» /3/.

1917 жылғы ақпан, соңынан болған қазан төңкерісі Ресей халқының бостандыққа деген үмітін оятты. Бірақ Қазақстан тәуелсіздігін армандаған қазақ зиялыларының тағдыры тауқыметке толы болды. Олар Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулат және басқалар «Алаш – Орда» партияларының бағдарламалық құжатында президент басқаратын ақсүйектік демократиялық Республика құруды көздеді. Өкініштісі большевиктер аталған бағдарлама авторларының барлығын дерлік итжеккенге айдады, дарға асты, атты. Себебі, олардың сол кездегі іс-әрекетінен бұрын, уағыздаған идеялары кеңестік билікке қауіп туғызды дейді тарих ғылымдарының докторы, профессор Ханкелді Әбжанов.

«...Ұлттық идеяны кеменгерлікпен түзу Алаш қозғалысын аспандатты, дұрыс ұлттық идеяға табан тіреген Алаш қозғалысы қазақ қоғамы тарихының жаңа белесін ашты. Ұлттық мақсат-мұратқа, яғни ұлттық идеяға адалдық, жанкештілік, интеллектуалдық биік өремен ағымдағы, кезек күттірмейтін қазіргі және болашақтағы міндеттерді айқындай білу – бүгінге жеткен Алаш аманатының ең құндылары» /4/.

Бұдан кейінгі Қазақстандағы экономикалық құрылымы биліктің өктемдігімен қатал қарауына көшті. Бұған қоса индустрияландыру мен урбанизация қазақтың басына қара бұлт үйіріп, үлкен жұт алып келді. Нұсқаумен лезде отырықшылыққа ауысу мен алдындағы малын күштеп тартып алу көшпелі және жартылай көшпелі елді жаппай қырғынға ұшыратты. 1931-1933 жылдары миллиондаған қазақ аштық пен аурудың құрбанына айналды.

Заңды түрде тоталитарлық жүйеге көшкен большевиктер диктатурасы Қазақстанды кеңес империясының шикізат көзіне айналдырып, экономикаға біржақты бағыт берді. Ғасырлар бойы қызғыштай қорғалып келген қазақ даласы – халқымен, оның денсаулығы және генофондымен санаспай ядорлық, ракеталық қаруларды сынайтын полигонға айналды.

КСРО-ның милитаристік топтық экономикасы мен халықтарды біртұтас ұлт жасау саясаты Кеңес империясының құлауына әкелді. 1986 жылғы желтоқсандағы қазақ жастарының бой көтеруі аяусыз басып-жанышталғанмен КСРО-ның сөзсіз күйрейтіндігін көрсетіп берген одақтағы бірден-бір демократиялық толқу еді. Бұл реттегі біздің ойларымызды ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім былайша нақтылай түседі.

«Ұлт мәселесін туғызатын — отаршылдық идеологиясы және саясаты. Кеңестік империя отаршылдықтың жаңа түрін – коммунистік режимдік түрін тәжірбиеде де, теорияда да шебер жүргізе білді. Қазақ ССР-нің заң жүзінде мемлекет ретінде мойындай отырып, оған өздеріне (коммунистерге) қажетті шектеуліктерді қоя білді. Мұндай жағдайда ұлт мәселесі тұншыға бастады. Ұлтқа саяси, рухани еркіндік берілмеді. Дін, тіл мәселелері дертке айналды. Сондықтан егемендікке жеткенге дейін ұлт мәселесі халқымыздың негізгі мәселесі болды. Сол үшін орасан жұмыстар атқарылды, құрбандықтар болды. Айта берсек, ондай істер жеткілікті, мысалы 1916 жылғы Амангелді, Бекболат т.б. бастаған ұлт-азаттық

майдан, алаш қозғалысы, жиырма-отызыншы жылдардағы аштық, отызыншы, кейін елуінші жылдарға жалғасқан репрессия. Сонда репрессияға ұшыраған халқымыздың аты аталып жүрген асыл ұлдары ғана емес, халықтың азаттық идеясы еді. Коммунистік режим халқымыздың азаттық идеясын яғни ел болу идеясын репрессияға салған еді. Ел болуға кеңестік замандағы саяси, рухани ұмтылыс, 1986 жылғы Брежнев алаңындағы жастардың көтерілісі болатын» /5/.

Сөйтіп, 1991 жылдың 16 желтоқсанында Республика парламенті Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады. Осы күннен бастап Қазақстан әлемдік қауымдастықта тәуелсіз егемен мемлекет ретінде қадам басты.

Осы кезден бастап қазақтың ұлттық идеясы турасындағы алғашқы әлеумет-тік философиялық таным мен оның ендігі тәуелсіз ел жағдайында қалай дамуы мәселесі еркін әрі ашық талқылана бастады. Бұл ретте бізге бір нәрсенің басы ашық. Ол жиырмамыншы ғасырдан былайғы уақыттағы қазақ ұлтының қалыптасып, өткенімен өткелегіне ойлы көзбен қарай бастағандығы. Содан осы уақытқа дейін түрлі қоғамдық даму үрдісін артқа тастап, ғасырлар қойнауында жатқан қазына – ұлттық идеяға деген махаббат марғау сананы түртіп оята бастады.

Қазақ ғалымдарының да аталған тақырыпты түре зерттеуді бертіңгі уақытта жүргізгені әлеуметке аян. Осы уақытқа дейін, айталық XX ғасырдың басында Абай заманында Әл-Фарабидің ұлттық құндылықтарға негізделген философиялық мұрасын неге тани алмадық деген сұрау көкейге кептелері анық. Бұған бір ғана тұжырыммен жауап түйіндесек, ол кезде әлемге әйгілі екінші ұстаз, ғылыми-мәдени көсем, данышпан Әл-Фарабиді тануға қазақ халқының рухани өресі сошалыққа жете алған жоқ. Ұлы ғалымды мұрағаттардан ашып алуға жағыдай әрі мүмкіндік болмағанын Абайдың қара сөздерінен кездестіреміз.

Абай өзінің қара сөзіне кірісерде «Не істеу керек?» деген сұрақ қояды. Сонда енді жақсылыққа, ғылымға, тәлім-тәрбиеге, ақыл-ойға бастауға мүмкіндік жоқтығын айтады. «Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да, ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың. Елсіз-күнсінде кездемені жайып салып, қолыңа кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып, шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым сөзі – бір тез қарғаятұғын күйік», - дейді данышпан. Сөйтіп, қазақтың көкірек көзі ашыла берді де, есесіне идеологиялық шырғаға түсіп қалды. Мәңгірттенген жоқ. Мәңгіріп қалды. Дүниенің мәні не деген сауалды саралай бастаған кез де бертіңгі мезгіл.

1. *Н. Назарбаев*. «Алаш мұрасы және осы заман», Алаштану журналы, 2008 ж, Семей, 3 б.

2. *С. Қирабаев*. Алашорда және қазақ әдебиеті, «Алаш және Әуезов» атты халықаралық конференция материалдары, Астана, 2008 ж.

3. *Әбдімәлік Нысанбаев*. Қазақтың ұлттық ояну философиясы, «Қазақ әдебиеті», 23.12.2008

4. *Х. Әбжанов*. Алаш қозғалысындағы ұлттық идея эволюциясы, «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Семей, 2008 жыл, 9 б.

5. *Ғ. Есім*. Елдік сана философиясы. «Егемен Қазақстан» 28.06.2006

Толепбергенов Б.К.

Определение понятия казахской национальной идеи и его мировоззренческие основы

В статье анализируется соотношение понятия нация и идея. В историко-философском плане описывается эволюция казахской национальной идеи. Выявляются мировоззренческие особенности национальной идеи.

Tolepbergenov B.K.

The Definition of the Kazakh National Idea Notion and Its Worldview Bases

The correspondence of the nation and idea notions is analyzed in the article. Evolution of the development of the Kazakh national idea is depicted in the historical – philosophical context. The worldview particularities of the national idea are examined in the article.